

Ардакүрен ақын Ғалым Жайлыбайға арналған кеш

Аудан орталығындағы «Сәкен Сейфуллин» атындағы орталық кітапхананың 80 жылдығына орай біраз іс-шаралар апта сайын өтіп жатыр. Ал, қазан айы басталғалы мерейтойға тоқайластырып бір айлық ұйымдастыруда. Аптаның бес күні де бұл жерде іс-шаралар ұйымдастырылып, оқырмандарымен қауышуда.

Руханияттың алтын ордасы кітапхананың мерейтойына арнаған іс-шаралар легінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Ресей Жазушылар ұйымының Сергей Есенин атындағы алтын медалінің иегері, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын Ғалым Жайлыбаймен «Жүрегіне жыр ұялаған...» атты әдеби кездесу кеші өтті.

Туған жер төсіне келген ақын алдымен Сәкен Сейфуллин атындағы мұражайда болды. Елге келген сайын мұражайға келіп, жаңа жәдігерлермен танысатын аға әр бөлімдегі қойылған суреттер мен жеке тұлғалар жайлы, Жаңаарқа жерініңғана емес қазақ елінің мақтанышына айналған тау тұлға ағаларымыз жайлы естеліктер айтып, жиі-жиі олардың еңбегін өскелең ұрпаққа, кейінгі буынға насихаттап, айтып, көрсетіп отыру керектігін ескертті. Мұражайдың әр бөлімінде қойылған экспонаттар мен естелік суреттерді, жәдігерлерді аралап көрген ақын өз ойын білдіріп, ағалық ақылын айтты.

«Сәкен Сейфуллин» атындағы орталықтандырылған кітапхана ұжымы әдеттегідей мерекелік іс-шараға дайындықтарын көрсетіп, ақын ағаны қошеметпен қарсы алып, төрге оздырды. Ауданының әкімінің орынбасары Әсет Аманжолов бастаған аудан ардагерлері кеңесінің төрағасы Амангелді Әбжанов, еңбек ардагерлері Бейбіт Хасенов, Мәлс Ахмедин, Шайзада Әбілдин, Гауһар Жарылғапова, Гүлбараш апай мен кітапхананың тұрақты оқырманы Жұмабай Жұмасейітов, Еламан Шаханов атындағы жалпы білім беретін тірек мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, облыстық «Сарыарқа» газетінің меншікті тілшісі, қоғам белсендісі Нұргүл Шамаева және мен оқырмандар мен оқушылар, кітапханашылар, мәдениет үйінің қызметкерлері мен өлең сүйер қауым осында екен.

Билығы жылы ақпан айында 65 жасқа толған ақынның құрметіне арналған кездесудің тізгінін ұстаған кітапханашылар Гүлмайра Ағлақызы мен Салтанат Ерғалиқызы отырғандарды бірден баурап кетті.

Өскелең ұрпақтың рухани жан-дүниесін байыту, танымдық көзқарасын қалыптастыру, қазақ әдебиетіне, поэзиясына деген қызығушылығын арттыру, өлкеміздің ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған кештің шымалдығын Саягүл Жолданованың жетекшілігіндегі «Айкөркем» би тобының бишілері «Асатаяқ» биімен ашты.

Аудан әкімінің орынбасары, ақынның шәкірті, өлең өлкесіне өзіндік өрнек қосып жүрген жас ақын Әсет Жұмажанұлы Аманжолов ақжарма тілегін арнап, ақынның иығына шапан жауып, құрмет көрсетті. Есілдің бойында орналасқан Елордамыз Астана қаласының тұрғыны Ғалым ағаның өмір жолы мен шығармашылығы жайында баяндайтын әдемі, әсерлі, мазмұнды бейнебаян көрсетіліп, кітапханашы Әсем Жакешованың орындауында ақынның сөзіне жазылған «Есіл ағады» әні шырқалды. «Есіл ағады» әнінің сөзі Ғалым ағанікі екенін көбіміз біле бермейтіміз анық, сырлы, әуезді әнді тындап мағұрланып қалдық. «Қазақ поэзиясының Ардакүрені» атты ақынның жыр-



«Жаңаарқа» газетінің бас-редакторы, ақпарат саласының үздігі Салтанат Аманқызы ақынмен сұхбат жүргізді.

12 жасынан қауырсын қаламынан өлең төгіліп, әдебиет әлеміне имене енген бала

Ғалымның жарты ғасырды артқа тастаған өлең өлкесіндегі өмір жолында жеткен жетістіктері жетерлік. Омырауы марапатқа толы ақын аға күні кеше Халықаралық «Түрік бірлігі» сыйлығының иегері атанды.

-Менің өмірім елдің көз алдында. Бала Ғалымнан аға Ғалымға айналған жолымда талай жақсы мен жайсаңнан тәлім алдым, көрдім, үйрендім, жақсы қасиеттерін өзіме жұқтырдым. Әдебиет өлкесіндегі мүйіз қарағайдай ақын аға-апаларымыздың соңынан ердім. Кездескен қиыншылықтарға мойымадым, жеткен жетістігіме тасымалдым. Қоңыр тірлікті жаным серік еттім. Елімнің басынан кешкен тарихынан сыр шерттім, жақсылығына сүйсіндім, әдемілігіне тамсанып-әсер алсам, қате басқан жеріне күйіндім. Өлең-менің өміріме айналды-деген ақын жиналғандарға өлең оқып, сол өлеңдердің шығу тарихына тоқталды.

Қазақ әдебиетінде өшпес із қалдырған Фариза Оңғарсынова ақынның кітабына алғысөз жазып, өз ойын білдіріпті.

«..Кейбіреулер қазақ жырын қаншама қырық құбылтқанымен, Құран тектес қасиетті қара өлең

жинақтары топтастырылған кітап көрмесіне кітапханашы Арайлым Берлібаева библиографиялық шолу жасап, таныстырды.

Әдеби кездесу кеші жылы жүздесуге ауысты. Ақынның өмір жолында әдебиет әлеміне деген алғашқы баспалдағы, алғашқы жұмыс орыны, жауқазын жырларын аудан көлемінде сүйіншілей таратқан аудандық «Жаңаарқа» газетінің орыны ерекше. Жүздесу желісін жалғастырған

дігін атап өтеді.

Ақынның «Қара орамал», «Тама көшкен», «Жетім құлын» поэмалары ел басына түскен үлкен нәубет жайлы сыр шертеді. Ғалым аға «Қара орамал» поэма-реквием жазу барысында мұрағаттарда отырып, қаншама ақпаратты ақтарып, талай жағдайға қанық болғанын айтты. Қасіретті жылдардағы талай зиялы қауым мен олардың жан жарларының өмірінің азапты сәттері өтіп, соңғы сағаттары соғылған лагерлердің орналасқан аймағы біздің өңір болғанын айтқан Ғалым аға сол кездердегі оқыған азаматтарға жасалған қиянат адам төзгісіз болғанына тоқталып, қара орамал поэмасы осы жайттарға қанық болғаннан кейін жазылғанын атап өтті. Жүрегіме жүк болған бұл шығарманы жаным сыздап, өзегіме өксік тығылып, жанарымды жасқа малып жаздым. Бұл сол кездегі біздіңғана емес әлемдегі бірнеше елдің басындағы үлкен нәубеттің ылаңы еді. Өте ауыр болды...

Еламан Шаханов атындағы тірек мектебінің оқушылары Айару Жұмкен мен Мирас Өмірзақ әлем халықтарының 16 тіліне аударылған «Қара орамал» поэма-реквиемінің үзінді оқыса, қобызшы, ұстаз Ләззат Бекхожина қобыз сарынымен әрлеп, сүйемелдеді.

Жүздесу барысында ақынның сөзіне жазылған «Есіл ағады» әнінен басқа 16 жасында шығарған «Ақ Қайың» өлеңіне Рымтай Бөдесов ән жазыпты. Сол әнді Бөкенбай Жапин домбырада нақышына келтіріп орындаса, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, «Алтын қобыз», «Алтын домбыра» сыйлықтарының иегері Сыздықов Жалын ақынның «Сәкеннің рухы» өлеңіне ән жазып, орындап берді. Ән жазып, таланттардың шығармаларын әрлеп, халыққа таратып жүрген ардагер Бейбіт Байбосынұлы алдағы уақытта Ғалекеннің сөзіне жазылған әндер жарық көретінін айтып өтті.

Кеш барысында Еламан Шаханов атындағы ЖОББ тірек мектебінің ұстазы, оқушыларды өлең жазуға баулып, тәрбиелеп жүрген Айдана Жаркеева мен кітап жанашыры, кітапхананың тұрақты оқырманы Жұмабай Жұмасейітов Ғалым ағаға арнаған арнауларын оқып, табыс етсе, Е.Шаханов атындағы тірек мектебінің 3 сынып оқушысы Тындасын Айдархан «Алаштың арда туған бір баласы» атты ақынның өлеңін жатқа оқыды.

Жылы жүздесуде аудан ардагерлері Бейбіт Хасенов, Амангелді Әбжанов, Гауһар Жарылғаповаға сөз беріліп, ақынға ізгі тілектерін айтып, бағаларын берді.

Ақын ағаның 65 жас мерейтойына орай ақпараттық-библиографиялық бөлімі ақын Ғалым Жайлыбайдың таңдаулы туындыларын мәнерлеп оқудан онлайн байқау ұйымдастырды.

«ЖҮРЕГІНЕ ЖЫР ҰЯЛАҒАН...» атты әдеби кештің тұздығы байқаудың жеңімпаздарын ақын Ғалым Жайлыбайдың марапаттаумен жалғасты. Бас жүлде иегері Акнұр Ошақбай «Қара орамал» поэма-реквиемінің «Қоңыртөбе» бөлімін, I орын иеленген Арай Нұриден «Рух» өлеңін, II орын алған Мерей Тұрымтай «Менің ауылым Жаңаарқа қойнауында» өлеңін, III орынға табан тіреген Әмина Қазыбекова «Әкемнің ескі шапаны» өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Ақын аға балаларға ақ тілегін арнап, батасын берді.

Әдеби кездесу кешіне белсене қатысқаны үшін алғыс хаттармен Ләззат Бекхожина, Айдана Жаркеева, Саягүл Жолданова, Айару Жұмкен, Мирас Өмірзақ, Нұрай Серік, Сағыныш Маратқызы, Елдана Мейрамқызы, Нұрай Серік, Аида Қалмерден, Айша Көжебай, Ажар Наурызбай, Сағыныш Оспанова марапатталып, кітаптар сыйға берілді. Жылы жүздесу соңында Балтабай Қызыров «Жиырма бес» әнін шырқады.

Ақжарма тілектер айтылған әдеби кешті ұйымдастырған кітапхана ұжымына ақын Ғалым аға ризашылығын білдіріп, елдегі жылы жүздесу жалғасын таба беруіне тілек қосты.

Салтанат Аманқызы

